

«Alpamys school»

мектеп директорының

№ 83/108

« 01 » 08 2026 ж.

бұйрығымен бекітілді

«Alpamys school» мектебі оқушыларының ішкі тәртіп ережелері

Астана қаласы, 2026 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Alpamys school» мектебінің оқушыларына арналған ішкі тәртіп ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Alpamys school» ЖШС (бұдан әрі – Мектеп, Білім беру ұйымы) Жарғысына сәйкес әзірленген.

2. Осы Ережелер оқушылар үшін білім беру процесінің тәртібін, мектеп формасы мен оқушылардың сырт келбетіне қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді, оқушылар мен олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) құқықтары мен міндеттерін, Мектеп ғимаратындағы, аумағындағы, сондай-ақ барлық сабақтан тыс іс-шаралардағы оқушылар мінез-құлқының негізгі нормалары мен ережелерін анықтайды.

3. Осы Ережелердің мақсаты – мектеп қоғамдастығының барлық мүшелері: әкімшілік, педагогикалық қызметкерлер, оқушылар, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) және Мектептің басқа да қызметкерлері арасындағы өзара құрмет негізінде оқушылардың академиялық және әлеуметтік өсуіне жағдай жасайтын қауіпсіз, қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру.

4. Осы Ережелерді мектеп қоғамдастығының барлық мүшелері – әкімшілік, педагогикалық қызметкерлер, оқушылар, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) және Мектептің басқа да қызметкерлері міндетті түрде орындауы тиіс.

5. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер білім беру қызметін көрсету шартына, Мектептің ішкі (локальді) актілеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

2. Мектептің жұмыс режимі және білім беру процесінің тәртібі

1. Мектептің жұмыс режимі директор бекітетін Еңбек тәртібі қағидаларымен анықталады. Жұмыс аптасының ұзақтығы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленеді.

2. Оқу сабақтары аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері оқушылардың Мектепте болуына, егер бұл білім беру процесімен байланысты болмаса, жол берілмейді.

3. Оқу сабақтары директор бекітетін кестеге сәйкес өткізіледі және оқу жылы бойы директордың оқу ісі жөніндегі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен реттеледі. Мектептегі академиялық сағаттың ұзақтығы 40 минутты, бірінші тоқсанда 1-сыныптарда – 30 минутты құрайды. Сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы 5 минуттан кем емес және 30 минуттан көп емес, серуендеу – 40 минут.

4. Оқу жүктемесі мен оқу күнінің режимі Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес белгіленеді.

5. Нақты оқу апталары мен каникул мерзімдері тиісті оқу жылына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекітетін оқу жылының басталуы туралы жыл сайынғы бұйрықпен белгіленеді.

6. Білім беру ұйымы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР МЖББС) және бекітілген Интеграцияланған білім беру бағдарламасы шеңберінде оқыту әдістемесі мен қажетті оқу материалдарының тізбесін дербес айқындайды. Білім беру ұйымы, егер бұл академиялық дағдылардың сапалы дамуына ықпал ететін болса, жазбаларды жүргізудің классикалық формаларының (стандартты дәптерлер) пайдасына баспа негізіндегі дайын жұмыс дәптерлерін пайдаланудан бас тартуға құқылы.

7. Жасанды интеллект технологияларын тек қосымша құрал ретінде және тек мұғалімнің рұқсатымен пайдалануға жол беріледі. Жасанды интеллект арқылы

толық немесе ішінара генерацияланған материалдарды тиісті дереккөзді көрсетпей өз жұмысы ретінде ұсыну академиялық адалдық принциптерін бұзу деп танылады және плагиатқа теңестіріледі.

8. Мектеп Оқушының кез келген жазбаша немесе жобалық жұмысының авторлығына күмән туындаған жағдайда (соның ішінде жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану күдігі) оны ауызша қорғауды талап етуге құқылы. Материалды меңгергенін дәлелдей алмаған жағдайда жұмыс жойылады.

3. Бірыңғай мектеп формасына және оқушылардың сырт келбетіне қойылатын талаптар:

1. Оқушылардың сырт келбеті қоғамда жалпы қабылданған іскерлік стиль нормаларына сәйкес келуі және оғаш бөлшектерді қамтымауы тиіс:

1. ұлдар (жасөспірімдер) үшін – қысқа классикалық немесе модельдік шаш үлгісі;

2. қыздар (бойжеткендер) үшін – ұзын шаштар жиналуы тиіс, орташа ұзындықта болуы керек.

2. Мектепте логотипі бар бірыңғай мектеп формасы белгіленген, оның үлгісін Білім беру ұйымы бекітеді.

3. Бірыңғай мектеп формасын кию кезінде мыналарға жол берілмейді:

1. ауыстыратын аяқ киім ретінде артқы жағы (өкшесі) жоқ аяқ киім (шәркей, сүйретпе және т.б.) киюге; өкшесі 4,5 см-ден асатын аяқ киім киюге; Білім беру ұйымының мектеп формасына жатпайтын киімдерді және/немесе киімнің жекелеген элементтерін, атрибуттарды киюге, сондай-ақ тұлғаны сәйкестендіруді қиындататын немесе оған кедергі келтіретін, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және білім беру процесін іске асыруға жауап бермейтін және т.б. киімдер мен аксессуарларды киюге, дененің бөліктерін (іш, бел, кеуде) ашық көрсетуге;

2. көзді жауып тұратын кекіл қоюға, сондай-ақ ұлдардың «панки» үлгісіндегі шаш қоюына, дред, мұрт пен сақал қоюына, шашты әртүрлі ашық, оғаш түстерге бояуға, ашық және оғаш косметика қолдануға, татуировка жасауға, көзге түсетін әшекейлер, пирсинг, ашық маникюр және т.б. тағуға/жасауға.

4. Ата-аналар (заңды өкілдер) оқушылардың сырт келбетіне қалай қарау керектігін қадағалауға міндетті. Мектеп формасы мен сырт келбетке қойылатын талаптар сақталмаған жағдайда педагогикалық қызметкер/сынып жетекшісі ата-ананы (заңды өкілді) әңгімелесуге шақыруға құқылы. Мектеп оқушылары оқу сабақтарына мектеп формасынсыз (Мектеп әкімшілігі жариялаған тақырыптық күндерді қоспағанда) және тиісті сырт келбетсіз жіберілмейді.

4. Мектеп оқушыларының негізгі құқықтары мен міндеттері

1. Оқушылардың мыналарға құқығы бар:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен білім беру бағдарламасына сәйкес білім алуға;

2. кемсітушіліктен, қудалаудан, қорлықтан, қорлаудан және төзімсіздіктен ада, қауіпсіз әрі қолайлы оқу ортасына;

3. білім беру процесі туралы, соның ішінде үлгерімі туралы ақпарат алуға;

4. Мектептің оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;

5. ақпараттық ресурстарды, спорттық, оқу, акт залдарындарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға, оқулықтармен қамтамасыз етілуге;

6. оқу және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;

7. сабақтар арасындағы үзілістерге, каникулдарға;
8. Мектеп мамандары тарапынан әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық және медициналық көмек (ҚР қолданыстағы заңнамасымен Білім беру ұйымы үшін рұқсат етілген шекте) алуға.

2. Оқушылар міндетті:

1. Осы Ережелермен және оларды бұзғаны үшін қолданылатын тәртіптік шаралармен танысуға;
2. білім беру қызметін көрсету шартының талаптарын сақтауға;
3. осы Ережелердин талаптарын, Академиялық адалдық ережелерін, Мектептің ішкі жергілікті актілерінің талаптарын, Техникалық қауіпсіздік ережелерін, Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, білім беру процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік пен педагогикалық қызметкерлердің талаптарын орындауға;
4. Мектепке білім беру процесінің тәртібіне сәйкес баруға және сабақтарды дәлелді себепсіз жібермеуге;
5. оқушылармен, әкімшілікпен, педагогикалық қызметкерлермен және оларға теңестірілген тұлғалармен, Мектептің басқа да қызметкерлерімен сыпайы және адал болуға;
6. ата-аналарды (заңды өкілдерді) үлгерімі, мінез-құлқы, сабақтан тыс қызметтің ұйымдастырылуы туралы хабардар етуге;
7. басқа оқушылардың қадір-қасиеті мен тең құқықтарын құрметтеуге, мектеп қоғамдастығы мүшелерінің және өзге де тұлғалардың құқықтарын шектейтін немесе бұзатын кез келген әрекеттерден тартынуға;
8. Білім беру ұйымы белгілеген бірыңғай мектеп формасын киюді сақтауға, өз сырт келбетін қадағалауға;
9. өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға;
10. Мектеп мүлкіне ұқыпты қарауға, оның сақталуын қамқорлыққа алуға; оқулықтар мен оқу құралдарын, жабдықтарды (соның ішінде музыкалық аспаптарды, оқытудың техникалық құралдарын және т.б. қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) жарамды күйде ұстауға. Оқушының Білім беру ұйымының мүлкіне, мектеп қоғамдастығы мүшелеріне, сондай-ақ өзге де тұлғаларға келтірген залалы (бүлдіруі) үшін жавпкершілікті оның ата-аналары (заңды өкілдері) тартады;
11. Мектепте тазалық пен тәртіпті сақтауға, соның ішінде оқу кабинеттері мен зертханалардағы жұмыс орнының тиісті күйін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоқысты арнайы тағайындалған контейнерлерге бөлек жинауды жүзеге асыруға;
12. оқушылар мен Мектеп қызметкерлерінің денсаулығына және амандығына қауіп төндіретін жағдайларды әкімшіліктің, мұғалімнің, сынып жетекшісінің назарына жеткізуге;
13. ұялы телефонды, смарт-сағаттарды және басқа да электронды құрылғыларды күннің басында бүкіл оқу күніне сынып жетекшісіне өткізуге;
14. өзін жайсыз сезінген жағдайда дереу өз мұғаліміне немесе сынып жетекшісіне хабарлауға және Мектептің медициналық қызметкеріне баруға;
15. үлкендерге, басқа адамдардың көзқарастары мен сенімдеріне құрмет көрсетуге;
16. сөйлеу мәдениетін сақтауға;
17. тамақты тек арнайы бөлінген орындарда және тек арнайы бөлінген уақытта ішуге;

18. табиғат пен өсімдіктер дүниесіне ұқыпты қарауға;
19. санитарлық-гигиеналық талаптарды орындауға, ауыстыратын аяқ киімі болуына;
20. білім беру бағдарламасын адал меңгеруге, оқу бағдарламалары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау талаптарын орындауға;
21. үй тапсырмалары мен жобаларды уақытылы орындауға;
22. жазбаша, бақылау, жобалық және жұмыстардың өзге де түрлерін орындау кезінде академиялық адалдық принциптерін сақтауға;
23. мұғалімнің рұқсатынсыз көшіруге, плагиатқа, сыртқы көмекті пайдалануға, соның ішінде педагогпен келісусіз цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдануға жол бермеуге;
24. аралық және қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерінен белгіленген мерзімде өтуге;
25. әдеп нормаларын, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға, әкиемшілікпен және педагогикалық құраммен қарым-қатынаста субординацияны сақтауға;
26. жанжалдарды физикалық күш қолданбай, психологиялық қысымсыз, қоқан-лоқысыз немесе қорлаусыз, бейбіт жолмен шешуге;
27. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтауға.

3. Мектепте білім беру процесін жүргізу үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында оқушыларға мыналарға тыйым салынады:

1. Мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз Мектепке бөгде тұлғаларды өзімен бірге алып келуге немесе шақыруға;
2. оқу сабақтарына осы Ережелерде белгіленген іскерлік стильге сәйкес келмейтін, кір, үтіктелмеген киіммен келуге, әртүрлі фан-қозғалыстарға, қандай да бір партияларға, діни ағымдарға және т.б. тиесілілігін ашық көрсетуге;
3. Мектепте және одан тыс жерлерде темекі өнімдерін (соның ішінде вейптерді, электронды темекілерді, темекіні қыздыру жүйелерін және өзге де құрамында никотин бар өнімдерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей), алкогольдік (соның ішінде сыра, джин-тоник және т.б. қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) сусындарды, есірткі, психотроптық және уытты заттарды қолдануға, балағат сөздер айтуға;
4. құмар ойындар ойнауға, алыпсатарлық сипаттағы операцияларды жүргізуге;
5. кез келген нысандағы буллингке (қорқыту, кемсіту, қудалау) (бетпе-бет немесе кибербуллинг);
6. қаруды немесе қаруға ұқсас заттарды, жарылғыш, пиротехникалық, химиялық, тез тұтанғыш заттарды, темекі өнімдерін, спирттік сусындарды, есірткіні, улы заттар мен уларды, жануарларды, жәндіктерді және білім беру процесінің талаптарымен сыйыспайтын басқа да заттарды алып келуге;
7. білім беру ортасы және өзге де тұлғалар үшін жағымсыз салдарға әкеп соқтыратын және/немесе Мектептің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін/қауіп төндіретін өзге де әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға.

5. Оқушылардың мінез-құлық ережелері

1. Оқушылар Мектепке сабақ басталғанға дейін сағат 08:00-ден кешікпей, таза, үтіктелген мектеп формасымен келеді, сырт келбеті осы Ережелердің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2. Мектепке кірген соң оқушылар сыртқы киімдерін гардеробқа қалдырады, қажет болған жағдайда ауыстыратын аяқ киімді пайдаланады.
3. Қызметтік үй-жайларға, жертөле қабатына (гардеробтан басқа) кірмейді.
4. Оқушылардың мүмкіндігі шектеулі топтарға (ерекше қажеттіліктері бар адамдар, уақытша еңбекке жарамсыздар) арналған лифтілер мен санитарлық тораптарды пайдалануға құқығы жоқ.

Сабақтағы мінез-құлық:

1. сабақ басталмас бұрын оқушылар өздерінің жұмыс орнын және сыныпта жұмыс істеу үшін қажеттінің бәрін дайындауы керек;
2. педагогикалық қызметкер кірген кезде оқушылар сәлемдесу белгісі ретінде орындарынан тұрады және ол сәлемге жауап беріп, отыруға рұқсат еткеннен кейін отырады. Осыған ұқсас тәсілмен оқушылар сабақ уақытында сыныпқа кірген кез келген ересек адаммен сәлемдеседі;
3. сабақ уақытын оқушылар тек оқу мақсаттары үшін пайдалануы тиіс. Сабақ кезінде дауыс көтеруге, өзі алаңдауға және басқаларды бөгде әңгімелермен, ойындармен және сабаққа қатысы жоқ басқа да істермен алаңдатуға жол берілмейді;
4. ұялы телефондарды және оқу процесіне қатысы жоқ басқа да құрылғыларды пайдалануға жол берілмейді. Бұзылған жағдайда педагогикалық қызметкер техникалық құрылғыны алып қоюға құқылы. Осы талаптар бұзылған жағдайда техникалық құрылғы тек оқушының ата-анасының (занды өкілдерінің) қатысуымен ғана қайтарылады;
5. сабақта мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға жол берілмейді. Шұғыл қажеттілік туындаған жағдайда оқушы педагогикалық қызметкерден рұқсат сұрауы тиіс;
6. сабақ аяқталғаннан кейін оқушы мұғалімнің рұқсатымен сыныптан шығуға құқылы.

Үзілістегі мінез-құлық:

Үзіліс (сабақтар арасындағы уақыт) мыналарға арналған:

1. қажет болған жағдайда оқушылардың сабақ кестесіне сәйкес басқа кабинетке ауысуына;
2. оқушылардың демалуына және физикалық сергуіне, осы мақсатта оқушыларға үзілісте дәліз бойымен асықпай жүру ұсынылады;
3. тамақтануға;
4. мектеп кітапханасына баруға.

Үзілісте оқушыларға мыналарға тыйым салынады:

1. басқалардың демалуына кедергі жасауға, айқайлауға, шулауға;
2. бір-бірін итеруге, заттарды лақтыруға және ойын кезінде немесе қандай да бір мәселелерді шешу кезінде физикалық күш қолдануға;
3. өзіне және айналасындағыларға қауіп төндіре отырып, дәліздер мен баспалдақтармен жүгіруге;
4. қауіпті ойындар ойнауға;
5. Мектеп ғимаратынан өз бетінше кетуге;
6. мектеп қоғамдастығы мүшелері мен өзге де тұлғалар үшін қауіпсіз және/немесе қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге кедергі келтіретін әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға.

Асханадағы мінез-құлық:

1. тамақтануға тек Мектептің бекітілген жұмыс режиміне сәйкес арнайы бөлінген орындарда ғана рұқсат етіледі;

2. оқушылар гигиена ережелерін сақтауы тиіс: асхана үй-жайына сыртқы киімсіз кіруі, тамақтанар алдында қолдарын мұқият жууы керек;
3. оқушылар мектеп асханасына асықпай, итеріспей, кезек бұзбай кіреді, асханада шулауға тыйым салынады;
4. асханада тазалықты сақтау, тамақтанғаннан кейін үстел үстін жинау қажет (5-11 сыныптар);
5. оқушылар, бұл емдік тағайындау бойынша арнайы диета қажет ететін, тамақты мектептің диеталық мәзірінен алады; басқа оқушылармен тағам алмасуға және/немесе қарсы көрсетілімі бар өнімдерді тұтынуға қатаң тыйым салынады.

Сабақтан тыс іс-шараларды өткізу кезіндегі мінез-құлық:

1. қала ішінде немесе одан тыс жерлерде өткізілетін іс-шаралар алдында оқушылар қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша нұсқамадан өтуге міндетті;
2. оқушылар бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде мұғалімнің, сынып жетекшісінің, ілесіп жүрушінің барлық нұсқауларын қатаң орындауы, өз өмірі мен айналасындағылар үшін қауіпті болуы мүмкін кез келген әрекеттерден аулақ болуы керек;
3. оқушылар Мектепте және одан тыс жерлерде жоғары мәдениет иесі болуы және жергілікті дәстүрлерді құрметтеуі, табиғатқа, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне, жеке және топтық мүлікке ұқыпты қарауы тиіс;
4. оқушылар тәртіпті сақтауы, белгіленген маршрут бойынша қозғалуы, егер топ жетекшісі солай анықтаса, топтың орналасқан жерінде болуы тиіс;
5. жеке гигиена ережелерін қатаң сақтауға, денсаулығының нашарлауы немесе жарақат алу туралы топ жетекшісіне уақытылы хабарлауға;
6. ашық отты (газ баллондарын, алауларды, шамдарды, отшашуларды, шикылдақтарды, от жағуды және т.б.), газ және бұрыш баллондарын қолдануға, өртке әкеп соғуы мүмкін химиялық, пиротехникалық және басқа да құралдарды қолдана отырып, жарық әсерлерін ұйымдастыруға тыйым салынады;
7. өзін жайсыз сезінгені, жарақат алғаны, соның ішінде басқа оқушылардың жарақаттанғаны туралы ілесіп жүретін адамдарға (мұғалімге, сынып жетекшісіне және т.б.) дереу хабарлауға;
8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтауға.

6. Оқушылардың сабақты босатуын ресімдеу тәртібі

1. Сабақты босатудың дәлелді себептері мыналар болып табылады:

1. оқушының ауыруы (дәрігерден анықтама);
2. дәрігерге бару (анықтама ұсынылады);
3. ата-аналардың (заңды өкілдердің) жазбаша өтініші бойынша Мектеп директорымен міндетті түрде келісе отырып, бір оқу жылында 10 күннен аспайтын мерзімге отбасылық жағдайлар бойынша сабақтарды босату;
4. білім беру процесінің мүддесінде өткізілетін пәндік олимпиадаларға, жарыстарға және басқа да іс-шараларға қатысу;
5. мектептен тыс ұйымдардың пәндік олимпиадаларға, жарыстарға және басқа да іс-шараларға қатысуға өтінімі.
2. Ауырған байланысты сабақты босатқан жағдайда ата-ана (заңды өкіл) ауырған алғашқы күні бұл туралы сынып жетекшісіне, Білім беру ұйымына жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Оқушы жазылғаннан кейін Білім беру ұйымына білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген мерзімде оның ауруына байланысты уақытша келмегенін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

3. Мектеп өткізетін пәндік олимпиадаларға, жарыстарға және басқа да іс-шараларға қатысу үшін сабақты босатқан жағдайда, жазбаны сынып жетекшісі ресімдейді.

4. Ата-аналар (заңды өкілдер) оқушылардың босатылған күндердегі бағдарламалық оқу материалын меңгеруіне жауапты болады. Жиынтық, бақылау немесе өзге де бағалау жұмыстарын босатқан жағдайда оқушы оларды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары немесе пән мұғалімі белгілеген мерзімде тапсыруға міндетті.

6-1. Бағалауды ұйымдастыру және академиялық адалдық

1. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолданыстағы нормативтік актілеріне және Мектептің ішкі регламенттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Оқушылар міндетті:

1. бақылау, жиынтық және қорытынды жұмыстарды өткізу ережелерін сақтауға;

2. жұмыстарды өз бетінше орындауға;

3. тыйым салынған материалдар мен құрылғыларды пайдаланбауға.

3. Академиялық адалсыздық фактілері анықталған жағдайда:

1. жұмыс жойылуы мүмкін;

2. оқушыға тапсырманы қайта орындау белгіленуі мүмкін;

3. ақпарат тіркеледі және ата-аналардың (заңды өкілдердің) назарына жеткізіледі.

4. Білім сапасының мониторингі мынадай нысандарда жүргізіледі:

1. әкімшілік бақылау жұмыстары;

2. диагностикалық тестілеулер;

3. үлгерім динамикасын талдау;

4. мектепішілік бақылау.

5. Академиялық қиындықтары бар оқушылар мыналарға жіберілуі мүмкін:

1. міндетті консультацияларға;

2. жеке білім беру маршруттарына;

3. қосымша сабақтарға.

6. Жоғары академиялық нәтижелер көрсеткен оқушылар олимпиадалық қозғалысқа, жобалық қызметке және пәндерді тереңдетіп оқуға тартылуы мүмкін.

7. Оқушыларды көтермелеу

1. Оқу қызметіндегі жоғары нәтижелері, шығармашылықтағы, спорттағы жетістіктері, қоғамдық өмірге белсене қатысқаны үшін Мектеп оқушылары көтермеленеді.

2. Көтермелеу түрлері мыналар болып табылады:

1. алғыс жариялау;

2. құрмет грамотасымен, мақтау қағазымен наградтау;

3. көтермелеу туралы ақпаратты Мектептің интернет-ресурсында жариялау.

3. Мектеп оқушыларын көтермелеу мәселелерін директордың орынбасарлары үйлестіреді және оны Мектеп директоры бекітеді.

4. Көпшілік алдында көтермелеу сыныпта, мектеп жиналыстары, педагогикалық кеңестер кезінде ұйымдастырылуы мүмкін.

8. Оқушылардың жауапкершілігі

1. Тәртіптік бұзушылықтар ауырлық дәрежесі бойынша 3 (үш) түрге бөлінеді:

1. елеусіз (жеңіл);
2. айтарлықтай (орташа);
3. елеулі (ауыр).

1. Елеусіз бұзушылықтарға мыналар жатады:

1. оқу сабақтарын, үзілісті, мектеп іс-шарасын өткізу кезінде тәртіп бұзу (егер жіберілген бұзушылықтар өзге тұлғалардың құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін бұзуға, зиян келтіруге, мүліктік залалға және өзге де салдарға әкеп соқпаса);
2. оқу сабақтарына, сапқа тұруларға, жалпымектептік іс-шараларға дәлелді себептерсіз кешігу (тоқсанына үш реттен көп);
3. бірыңғай мектеп формасына және оқушылардың сырт келбетіне қойылатын талаптарды бұзу; белгіленген мектеп формасына сәйкес келмейтін киім кию, оны киюдегі ұқыпсыздық, салғырттық;
4. Мектепте бас киім және сыртқы киім киіп жүру;
5. үй тапсырмаларын дәлелді себептерсіз орындамау;
6. арнайы бөлінген орындардан тыс жерде тамақ немесе сусын тұтыну;
7. Мектеп ғимаратында, аумағында және Мектептен тыс жерлерде мінез-құлық ережелерін бұзу;
8. Мектеп үй-жайларында және іргелес аумақта тазалықты бұзу;
9. сабақтарда, сабақтан тыс уақытта оқу процесінен аландататын ұялы телефондарды, электронды ойындарды және кез келген басқа құрылғыларды пайдалану;
10. сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, білім беру қызметін көрсету шартының, осы Ережелердің және Мектептің ішкі жергілікті актілерінің талаптарын өзге де бұзушылықтар.

2. Айтарлықтай бұзушылықтарға мыналар жатады:

1. елеусіз теріс қылықтарға жатқызылған бұзушылықтарды қайталап жасау;
2. оқу сабақтарына, таңдау курстарына және үйірмелерге, секцияларға дәлелді себепсіз келмей қалу (тоқсанына 3 реттен көп);
3. сынып жетекшісінің, Мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз Мектептен кетіп қалу;
4. құмар ойындар;
5. абайсызда Мектеп мүлкін, өзге де жеке және заңды тұлғалардың мүлкін бүлдіру, зақымдау;
6. мемлекеттік рәміздерді білмеу, Мемлекеттік гимнді орындау кезінде құрметсіздік таныту;
7. мектеп қоғамдастығы мүшелері мен Мектеп қонақтарының ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау;
8. әдепсіз сөздер мен ым-ишараларды, балағат сөздерді пайдалану;
9. Мектептің, оның оқушылары мен қызметкерлерінің беделіне нұқсан келтіретін материалдарды тарату;
10. оқушылардың, қызметкерлердің, Мектеп әкімшілігінің және осындай теріс қылық жасаудан құқықтары бұзылуы мүмкін басқа да жеке және заңды тұлғалардың алдын ала келісімінсіз дербес деректерді, фотосуреттерді, аудио-, видеожазбаларды тарату, сымсыз қолжетімділік (WhatsApp, Bluetooth, радиожііліктер және т.б.) арқылы оқушылар мен басқа тұлғалар арасында ақпаратты түсіру, сақтау және беру, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарына, соның ішінде бүкіләлемдік жаһандық желіге беру;

11. сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, білім беру қызметін көрсету шартының, осы Ережелердің иә және Мектептің ішкі жергілікті актілерінің талаптарын өзге де бұзушылықтар.

3. Елеулі бұзушылықтарға мыналар жатады:

1. айтарлықтай санатқа жатқызылған құқық бұзушылықтарды қайталап жасау;
2. біреуді тілдік, гендерлік, ұлттық, діни немесе басқа да белгілері бойынша кемсіту;
3. діни көзқарастар мен сенімдерді таңу, ұлтаралық араздықты қоздыру, үгіт-насихат, агрессия мен зорлық-зомбылықты тарату;
4. темекі шегу (соның ішінде вейптерді, электронды темекілерді, темекіні қыздыру жүйелерін және өзге де құрамында никотин бар өнімдерді), темекі шегуге, алкоголь немесе есірткі заттарын тұтынуға кез келген қатысы болу, сондай-ақ сабаққа алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйінде келу;
5. қаруды, жарылғыш, пиротехникалық, химиялық, тез тұтанғыш заттарды, темекі және өзге де құрамында никотин бар өнімдерді, спирттік сусындарды, есірткіні, улы заттар мен уларды, жануарларды, жәндіктерді, айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін және/немесе білім беру процесін бұзатын заттарды (заттектерді) және т.б. алып жүру/алып келу;
6. Мектептің, мектеп қоғамдастығы мүшелерінің, өзге де жеке және заңды тұлғалардың мүлкін қасақана бүлдіру, зақымдау;
7. мектеп қоғамдастығының мүшелеріне (соның ішінде қожан-лоқы, қорқыту, төбелес, бұзақылықты қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей), өзге де жеке тұлғаларға психологиялық және/немесе физикалық зиян келтіру;
8. ұрлық, біреудің заттарын рұқсатсыз және хабарсыз пайдалану;
9. сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, білім беру қызметін көрсету шартының, осы Ережелердің және Мектептің ішкі жергілікті актілерінің талаптарын өзге де бұзушылықтар.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу, оқушылар арасында тәртіпті нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мақсатында Мектепте **Тәртіптік комиссия** құрылады.

1. Тәртіптік комиссияның құрамы мен жұмыс регламенті Тәртіптік комиссияның алдыңғы құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін директордың бұйрығымен бекітіледі. Тәртіптік комиссияны төраға басқарады, оның құрамына мұғалімдер, ата-аналар комитетінің өкілдері кіре алады. Тәртіптік комиссия мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады, өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл.

2. Тәртіптік комиссия өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді Төраға қажеттілігіне қарай шақыратын өз отырыстарында қарайды.

3. Тәртіптік комиссия мынадай мәселелерді қарайды:

1. оқушылар арасындағы тәртіп бұзушылықтарды, бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған тәрбие және профилактикалық жұмыстың жай-күйін зерттейді және талдайды;

2. Мектептегі оқушылардың тәртіп бұзушылығына байланысты жанжалды жағдайларды қарайды;

3. оқушылардың тәртібін нығайту, Ішкі тәртіп ережелерін, Мектептің жергілікті актілерін, сондай-ақ білім беру қызметін көрсету шартын және т.б. сақтау мәселелерін қарайды;

4. тәртіп бұзған оқушылардың дербес істерін қарайды және тиісті тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

5. сынып жетекшілерінің Мектеп пен оқушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) арасындағы байланысты қамтамасыз ететін тәртіпті нығайту және құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы есептерін тыңдайды;

6. кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияда есепте тұрған жасөспірімдердің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырады;

7. ата-анаға (заңды өкілге) құқық бұзушылық жасауға бейім оқушыларды спорттық секцияларға, үйірмелерге және т.б. тарту туралы ұсынымдар береді;

8. қиын жасөспірімдермен жеке жұмысты ұйымдастырады.

4. Тәртіптік комиссияның отырысы, егер оған оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, заңды деп есептеледі. Тәртіптік комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған оның мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Тәртіптік теріс қылықты қарауды бастауға мыналар негіз болады:

1. оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, зардап шеккен тарап немесе өзге де тұлғалар мектеп директорына жазбаша нысанда ұсынған өтініш, шағым, хабарлама;

2. тәртіптік теріс қылық жасаған оқушының өтініші (хабарламасы).

6. Тәртіптік комиссия оқушының ата-анасының (заңды өкілдерінің) біріне оны тәртіптік жауаптылыққа тарту мүмкіндігі туралы хабарлауға, тәртіптік комиссия отырысына шақыруға, оқушыдан жазбаша нысанда түсініктеме талап етуге міндетті, оны ол заңды өкілдерімен бірге 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті. Оқушы түсініктеме беруден бас тартқан кезде акт жасалады, оған Тәртіптік комиссия мүшелерінің арасынан үш адам қол қояды.

7. Оқушының жазбаша нысанда түсініктеме беруден бас тартуы оған тәртіптік жазалау шарасын қолдануға кедергі болмайды.

8. Тәртіптік теріс қылықты оның нәтижелеріне тікелей немесе жанама түрде мүдделі Мектеп қызметкерінің (мысалы, оқушы оған қатысты тәртіптік теріс қылық жасаған педагог) қарауына жол берілмейді. Көрсетілген талап сақталмаған жағдайда, тәртіптік теріс қылықты қарау нәтижелері жарамсыз деп танылуы мүмкін.

9. Жасалған тәртіптік теріс қылықты қарау барысында Тәртіптік комиссия мынадай мән-жайларды анықтайды:

1. тәртіптік теріс қылықтың шынымен орын алғаны (теріс қылық фактісі);

2. оның қайда, қашан, қандай жағдайларда және қандай мақсатпен жасалғаны (орны, уақыты, тәсілі);

3. оның неден көрінгені;

4. тәртіптік теріс қылық жасаған тұлға (тұлғалар);

5. нақты оқушылардың әрекетіндегі (әрекетсіздігіндегі) кінәлілігі, теріс қылықты бірнеше тұлға жасаған кездегі әрбір оқушының кінәсінің нысаны мен дәрежесі;

6. теріс қылықтың салдары қандай;

7. оқушының (оқушылардың) жауаптылығын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар;

8. оқушыны тәртіптік жауаптылықтан шығаратын мән-жайлар;

9. оқушының бұрынғы және кейінгі мінез-құлқы;

10. теріс қылықты жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайлар;

11. тәртіптік теріс қылықты дұрыс және объективті қарау үшін маңызы бар басқа да фактілер.

10. Тәртіптік іс жүргізуге қатысушылардың кез келгенінің келмей қалуы қарауды кейінге қалдыруға негіз болып табылмайды. Бұл жағдайда басқа тұлғалардан алынған түсініктемелер мен бар материалдар зерттеледі.

11. Тәртіптік бұзушылық жасаудың дәлелдемелері Тәртіптік комиссия олардың негізінде мәні бар мән-жайлардың, тәртіптік теріс қылық белгілерінің бар немесе жоқ екенін анықтайтын кез келген мәліметтер, нақты деректер болып табылады.

12. Дәлелдемелер ретінде мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей жол беріледі:

1. оқушының түсініктемелері;
2. куәгерлердің түсініктемелері;
3. заттай дәлелдемелер;
4. құжаттар;
5. фото- және кинотүсірілім материалдары, аудио- және видеожазбалар, өзге де ақпарат тасымалдағыштар. Түсініктемелер – бұл ауызша немесе жазбаша нысанда хабарланатын, оқушының тәртіптік теріс қылығына және тәртіптік жауаптылығына қатысы бар мәліметтер. Заттай дәлелдемелер деп кез келген заттар (бұйымдар және т.б.) танылады, соның ішінде бірақ олармен шектелмей:

6. тәртіптік теріс қылық жасау кезінде пайдаланылған заттар;
7. оқушының әрекеті бағытталған заттар;
8. тәртіптік теріс қылық жасау нәтижесінде алынған ақша, құндылықтар және өзге де мүлік;

9. тәртіптік теріс қылықтың іздерін сақтап қалған заттар мен құжаттар. Құжаттар – бұл тәртіптік жаза қолдану туралы мәселені шешу үшін маңызы бар, жазбаша нысанда баяндалған мәліметтер. Құжаттарда жазбаша түрде де, өзге де түрде бекітілген мәліметтер болуы мүмкін.

13. Тәртіптік жаза оқушының ауырған уақытында не Мектепте дәлелді себеппен болмаған кезеңінде (емделуде, туыстарының немесе жақын адамдарының жерлеуінде болуы, еңсерілмейтін күш – форс-мажор салдарынан) қолданылмайды.

14. Тәртіптік комиссия тәртіптік бұзушылық жасаған оқушыға тәрбиелік шараларды қолданады. Бір бұзушылыққа жауап ретінде Тәртіптік комиссияның шешімі бойынша ықпал етудің бір нысаны немесе бірнеше нысаны жиынтықта қолданылуы мүмкін.

15. Тәртіптік жазалау шараларына мыналар жатады:

1. көпшілік алдында кешірім сұрау міндетін жүктеу;
2. ескерту;
3. сөгіс;
4. қатаң сөгіс;
5. мектептен шығару.

16. Тәртіптік комиссия оқушыны мектептен шығару түріндегі шараны қолдану туралы қорытынды шығарған жағдайда, Педагогикалық кеңестің кезектен тыс отырысы шақырылады. Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша оқушы мектептен шығарылуы, білім беру қызметін көрсету шарты бұзылуы мүмкін. Білім беру қызметін көрсету шартын бұзу және оқушыны шығару шартта көзделген өзге де негіздер бойынша (тәртіптік комиссияның қатысуынсыз) жүзеге асырылады.

17. Тәртіптік теріс қылығы қаралып жатқан оқушылардың, сондай-ақ олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мыналарға құқығы бар:

1. Тәртіптік комиссия отырысы барысында түсініктемелер беруге, өтініштер, өтінішхаттар мен дәлелдемелер ұсынуға;

2. түсініктеме беруден бас тартуға, бұл жағдайда Тәртіптік комиссия мүшелері оқушының түсініктеме беруден бас тартқаны туралы хаттама жасайды;

3. шешім қабылданғанға дейін Тәртіптік комиссия жұмысының нәтижелерін жария етпеуді талап етуге;

4. оқушыға қатысты шығарылатын бұйрықтар мен өзге де жергілікті актілерден үзінді көшірмелер алуға.

18. Егер оқушының тәртіптік теріс қылығында қылмыстық құқық бұзушылық немесе әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілері болса, директор бұл туралы ата-аналарды (заңды өкілдерді), құқық қорғау органдарының қызметкерлерін хабардар етеді.

19. Оқушыға тәртіптік жазалау шарасын қолдану туралы шешім Тәртіптік комиссияның қорытындысы немесе Педагогикалық кеңестің шешімі, оның тәртіптік теріс қылық жасағанын растайтын нақты дәлелдемелері бар материалдар негізінде директордың жазбаша бұйрығымен ресімделеді.

20. Оқушыға тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың үзінді көшірмесі оны қолдану негіздері көрсетіле отырып, оқушыға, оның ата-анасына (заңды өкіліне) қол қойғызылып табыс етіледі. Оқушы, ата-ана (заңды өкіл) ішкі актімен танысудан бас тартқан жағдайда, көрсетілген актінің үзінді көшірмесі пошта арқылы тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметпен табыс етілгені туралы хабарламамен не электрондық мекенжайға не шартта/жеке істе көрсетілген ата-ананың (заңды өкілдің) телефон нөміріне WhatsApp мессенджері арқылы хабарламамен жіберіледі.

21. Мектеп директоры өз бастамасы бойынша, педагогикалық қызметкердің өтінішхаты бойынша, егер оқушы оқуға деген адал көзқарасымен бұны дәлелдесе және жаңа тәртіп бұзушылыққа жол бермесе, оқушыдан тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға құқылы.

22. Оқушы 6 (алты) ай өткеннен кейін немесе ол алып тасталған сәттен бастап, не соңғы тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап тәртіптік жазасы жоқ деп есептеледі.

9. Оқушылардың заңды өкілдерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру

1. Мектеп әкімшілігінің, педагогикалық қызметкерлерінің оқушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимылын ұйымдастырудың міндеттері мыналар болып табылады:

1. мектептің өзін-өзі басқару органдары (ата-аналар комитеті) арқылы ата-аналарды (заңды өкілдерді) білім беру процесіне тарту;

2. ата-аналарға (заңды өкілдерге) оқушыларды тәрбиелеудегі педагогикалық білім мен дағдылар туралы ағартушылық жұмыстарын жүргізу (ата-аналар мектебі, балалар мен ересектер арасындағы қарым-қатынастың психологиялық аспектілері туралы видеоматериалдар);

3. ата-аналардың (заңды өкілдердің) сонымен қатар мерекелік, спорттық, бос уақытты өткізу және кәсіптік бағдарлау іс-шараларына қатысуы арқылы олардың белсенді ұстанымын қалыптастыру.

2. Мектеп әкімшілігінің, педагогикалық қызметкерлерінің оқушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимылын ұйымдастыру мыналарды көздейді:

1. отбасының оқушыларды тәрбиелеу бойынша мүмкіндіктерін анықтау мақсатында оны зерттеу;

2. ата-аналарға (занды өкілдерге) бала мен ата-ана қарым-қатынасын жақсарту және оқушының отбасындағы амандығы мәселелері бойынша кеңес беру.

3. Мектеп әкімшілігі, педагогикалық қызметкерлері балалардың мінез-құлқын түзету және рецидивтердің алдын алу мақсатында ата-аналарды (занды өкілдерді) олардың балаларының мінез-құлқы (жағымсыз мінез-құлық және т.б.) туралы хабардар етуге міндетті. Оқушылардың ата-аналарымен (занды өкілдерімен) кеңес беру әңгімелесулерін Мектеп өкілдері жүргізеді. Оқушылардың оқу жетістіктері электрондық журналда тіркеледі. Оқушылар мен олардың ата-аналары (занды өкілдері) ағымдағы үлгерімді жүйелі түрде қадағалап отыруға міндетті. Оқу тапсырмаларын уақытылы орындамау және академиялық көрсеткіштердің жүйелі түрде төмендеуі Мектеп әкімшілігі деңгейінде қаралады.

10. Оқушылардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) құқықтары мен міндеттері

1. Ата-аналардың (занды өкілдердің) мыналарға құқығы бар:

1. оқушының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

2. оқушының мүдделері мен құқықтарын қорғауға;

3. оқушыны басқа мектепке ауыстыруға;

4. шарттық негізде оқушылар үшін қосымша білім беру қызметтерін алуға.

2. Ата-аналар (занды өкілдер) міндетті:

1. Мектептің ресми сайтында (<https://alpamys.edu.kz>) орналастырылған осы Ережелермен жеке танысуға және баланың (Оқушының) танысуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың сақталуы үшін шаралар қолдануға;

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын, осы Ережелерді, Мектептің жергілікті актілерін сақтауға және Мектеп әкімшілігі мен білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген талаптарды орындауға;

3. Мектепке оқушыны оқыту мен тәрбиелеуде жәрдемдесуге;

4. оқушыны зиянды әдеттерден қорғай отырып, оның денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасауға;

5. оқушыға өмірі мен оқуы үшін сау және қауіпсіз жағдайлар жасауға, оның интеллектуалдық және физикалық мүмкіндіктерінің дамуын, адамгершілік тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

6. оқу аптасының әрбір күніне арналған оқушының сабақ кестесін және оқу жүктемесін білуге;

7. оқушының Мектепке сабақ басталуынан 10 минуттан кем емес уақыт бұрын уақытылы келуін қамтамасыз етуге;

8. оқушының Мектепке оқу процесіне қатысы жоқ заттарды, соның ішінде осы Ереженің 8-бабының («Оқушылардың жауапкершілігі») 3-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген заттарды, сондай-ақ Мектептің жергілікті актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған өзге де бұйымдарды, заттектерді және т.б. алып келмеуін бақылауды жүзеге асыруға және оған жауапты болуға;

9. сабақ уақытында оқушыны және педагогтарды ұялы телефондармен қоңырау шалып мазаламауға;

10. оқушының Мектептегі сабақтарға қатысуын қамтамасыз етуге, сабақты дәлелді себептермен босатқан жағдайда растайтын құжаттарды ұсынуға.

Оқушылардың босатылған күндердегі бағдарламалық оқу материалын меңгеруін бақылауды жүзеге асыруға;

11. ата-аналар жиналыстарына қатысуға және әр тоқсан сайын оқушының үлгерім табеліне өз қолын қоюға;

12. оқушының сынып жетекшісімен байланыста болуға, апта сайын баланың электрондық күнделігін тексеруге;

13. сынып жетекшілерімен электрондық пошта, ұялы байланыс арқылы сөйлескен кезде оқушыға қатысты ақпаратты алғанын жауап жіберу арқылы растауға;

14. педагогикалық қызметкерлермен және сынып жетекшілерімен алдын ала уағдаластық бойынша және сабақтан тыс уақытта кездесуге;

15. оқушыға міндетті профилактикалық екпелерден бас тартқан жағдайда, мектептің медициналық кабинетіне медициналық қол үзу (отвод) туралы құжатты немесе мектеп директорының атына профилактикалық екпелерден жазбаша бас тарту өтінішін ұсынуға;

16. мектептің педагогикалық және басқа да қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

17. оқушының әрекетінен туындаған Мектепке, мектеп қоғамдастығының мүшелеріне, өзге де жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалды өтеуге;

18. Мектепке іргелес аумақта жол жүру ережелерін сақтауға, мектеп аумағына кіреберістің жанына машиналарды тұраққа қоймауға;

19. оқушы айтарлықтай немесе елеулі түрдегі бұзушылықтар жасаған жағдайда зардап шеккендерден ауызша немесе жазбаша нысанда кешірім сұрауға.

Осы Ережелер мектеп директоры бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.